

## Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 1999 жылғы қыркүйектің 20-дағы N 1161 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Бұйрық Мемлекеттік кіріс министрлігі 2000 жылы 10 мамыр N 436 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылы 10 маусым N 1151 тіркелді.

Этил спирті мен алкоголь өнімінің айналымына бақылауды жетілдіру мақсатында бұйырамын: 1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 1999 жылғы қыркүйектің 20-дағы "Этил спирті мен алкоголь өніміне көлік жүкқұжатын ресімдеу Ережесін бекіту туралы" N 1161 V990945\_ бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін: 1) Этил спирті мен алкоголь өніміне көлік жүкқұжатын ресімдеу Ережесінде: мәтінінде: "сату кезінде" сөзі "түсіру кезінде" сөзімен ауыстырылсын; "шығарылу датасы, түсірілу датасы" сөзі "өлшем бірлігі" сөзімен ауыстырылсын; "дал" сөзі алынып тасталсын; "жауапты" сөзінен кейін "өкілетті" сөзімен толықтырылсын; 11) тармақша алынып тасталсын; "(шөлмек, дал)" сөзі алынып тасталсын; 2-тармақта:

екінші азатжол келесі сөздермен толықтырылсын: "Осы жағдайда көлік жүкқұжатының бірінші данасы этил спирті мен алкоголь өнімін алушыға беріледі. Көлік жүкқұжатының екінші және үшінші даналары этил спирті мен алкоголь өнімін жеткізушінің өзінде қалады."; 4-тармақта: төртінші азатжолда "шаруашылық субъектілері" сөзі "көтерме сатушыларға" сөзімен ауыстырылсын; бесінші азатжолда "шаруашылық субъектілеріне" сөзі "мекемелерге (соның ішінде жекеменшік фирмалық арнайы дүкендерге де, олардың мекен-жайына байланыссыз)" сөзімен ауыстырылсын; 7 және 8-тармақтарда: 13) тармақшада бірінші азатжолда "құны" сөзінен кейін "көліктік" сөзімен толықтырылсын; үшінші азат жолда "ыдыс" сөзінің алды "көліктік" сөзімен толықтырылсын; 9 және 10-тармақтарда: 1) тармақшада: "өндіруші" және "өндірушіге" сөздерінен кейін сәйкес түрде "(жеткізуші)" және "(жеткізушіге)" сөздерімен толықтырылсын; 5) тармақшада "өнім" сөзінен кейін "тұтыну ыдысының сыйымдылығы" сөзімен толықтырылсын; 12) тармақша алынып тасталсын; 14) тармақшада: бірінші азатжолда "құны" сөзінен кейін "тұтынушы" сөзімен толықтырылсын; екінші азатжолда "босатылған" сөзінен кейін "тұтынушы" сөзімен толықтырылсын; "дана" сөзі алынып тасталсын; үшінші азатжол келесі редакцияда баяндалсын: "өнімнің жалпы құны" бағанында - "тұтыну ыдысының жалпы құны"; 14-1) тармақшасы мына мазмұнмен толықтырылсын: "14-1. "көлік ыдысының құны" ж о л ы н д а к ө р с е т і л е д і :

"тиелген өнім саны" бағанында - "босатылған көлік ыдысының саны", "өнімнің жалпы құны" бағанында - "көлік ыдысының жалпы құны";

11 және 12 тармақтар келесі редакцияда баяндалсын:

"11. Спирт зауыты этил спиртін сатып алуға алкоголь өнімін өндірушілерден тапсырыстар түскен кезде, сұралып отырған көлемге көлік жүк құжаттамасын ресімдейді, оны міндетті түрде тиісті акциз қосынының жауапты қызметкері тіркеуге алып, оның қолы мен мөрі қойылуы керек;

12. Этил спиртін өндіруші акциз қосынының жауапты қызметкері тез арада өндірушінің салық комитеті мен сатып алушының акциз қосынына жасалайын деп отырған шарт туралы хабарлауға міндетті.";

13 - тармақ алынып тасталсын.

14 және 15 тармақтар келесі редакцияда баяндалсын:

"14. Алкоголь өнімін өндіруші этил спиртін тағайындалған жеріне жеткізгеннен кейін, көлік жүк құжаттамасын тиісті акциз қосынының жауапты қызметкері этил спиртінің алынғаны туралы фактіні растай отырып, міндетті түрде тіркейді, қолы мен мөрі қойып, куәландырады."

15. Этил спиртін сатып алушының акциз қосынының жауапты қызметкері көлік жүк құжаттамасын тіркегеннен кейін сатып алушының салық органы мен этил спиртін өндірушінің акциздік қосынына жасалынған іс фактісі туралы хабарлауға міндетті."

2) 1), 2), 3), 4) қосымшалар осы бұйрықтың 1), 2), 3), 4) қосымшаларымен ауыстырылсын

2. Бұрын бекітілген нысан бойынша дайындалған көлік құжаттамалары жаңа нысандағы көлік құжаттамаларымен оларды толық ауыстыруға дейін пайдаланылуы мүмкін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алкоголь өнімін өндіру және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті (М.Ә.Тұрмағамбетов) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасымен осы бұйрықтың 1), 2), 3), 4) қосымшаларына сәйкес түрлері және түстері бойынша көлік жүкқұжаттарының бланкілерін әзірлеу келісіміне өзгерістер енгізсін. 4. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Заң департаменті (А.Базарбаева) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткізсін. 5. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді. Министрдің м.а. Оқығандар: Омарбекова А.Т. Балабекова Г.Г.